КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының
«Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы-5449 әскери бөлімі
Республикалық мемлекеттік мекемесі»
Тіркеу № 1607-15
20 26 ж. «16» шілде
1 Дана

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 3 маусым №3313-26-00-2/357 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья М.Б.Исқандар,
сот отырысының хатшысы А.С.Калиеваның отырумен,
ашық сот отырысынды бейнебайланыс арқылы келесі талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Евгения Рудольфовна Поверина дара кәсіпкері

ТАЛАПТЫҢ МӘНІ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор О.Самат
талап қоюшының өкілі Б.М.Егизеков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Тапсырыс беруші) мен Евгения Рудольфовна Поверина дара кәсіпкері (әрі қарай - Өнім беруші) арасында, 2026 жылғы 14 қаңтарда тауарды мемлекеттік сатып алу туралы №9805400001 49/260163/00 шарты (әрі қарай - 1-Шарт) және 2026 жылғы 2 ақпанда тауарды мемлекеттік сатып алу туралы №9805400001 49/260346/00 шарты жасалған (әрі қарай - 2-Шарт).

1-Шарттың талаптарына сай, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау

шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 076-114-149 Авто қосалқы бөлшектер 7552 ә/б.

2-Шарттың талаптарына сай, Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бага бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді: ерекшелігі бойынша 076-114-149 авто қосалқы бөлшектер 5574 ә/б ТиВ (ақпан). Фильтр топливный на Ssang Yong Kayron 2014 г.в.

1-Шарттың қосымшасына сай, жеткізілетін Тауар: ауа сүзгіш (әуе, жүк автомобилінің ішкі жану қозгалтқышына арналған), жалпы сомасы 12 999,99 теңге. Жеткізу мерзімі Шарт заңды күшіне енгеннен кейін 17 күнтізбелік күн ішінде.

2-Шарттың қосымшасына сай, жеткізілетін Тауар: сүзгіш (отындық, жеңіл көліктің тікелей бүркуімен (инжекторлық) ішкі жану қозгалтқышына арналған), жалпы сомасы 11 444 теңге. Жеткізу мерзімі Шарт заңды күшіне енгеннен кейін 17 күнтізбелік күн ішінде.

Талап қоюшы жауапкердің мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және мемлекет пайдасына 500 теңге айыппұл өндіруді сұрады.

Жауапкер сот отырысы туралы тиісті түрде хабарлама алғанына қарамастан, сот отырысына қатыспады.

Сот жауапкердің сотқа келмеу себептері негізсіз деп танып, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің негізінде азаматтық істі оның қатысуынсыз қарауды шешті.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жатады деген қортынды берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272-бабына сәйкес, Міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-тің 277-бабының 1-бөлігіне сәйкес, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез-келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабының 4-тармағымен бекітілгендей, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі:

Құжатқа қол қойылған: Искандар М. Б., 03.06.2026
Заңды күшіне енген күні: 07.07.2026, судья Искандар М. Б., 10.07.2026
3313-26-3-1/314

КОПИЯ ТӨБІРМЕ

1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің;

2) жеңімпаз деп айқындалған, шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілердің;

3) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің;

4) өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Тиісінше заң шығарушы өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудың өз ерекшеліктерін бекіткен, атап айтқанда мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілер жатқызылады.

Бұл жағдайда сотқа жүгіну мерзімі тапсырыс беруші шартты бұзған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап отыз күннен кешіктірмей өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында жауапкер 1-шарт пен 2-шартты тиісті түрде орындамағаны анықталды, аталған себеппен 1-шарт бойынша тапсырыс берушімен 2026 жылғы 13 наурызда, ал 2-шарт бойынша тапсырыс берушімен 2026 жылғы 16 наурызда бұзылған.

Талап қою 2026 жылғы 13 наурызда берілген, яғни отыз күндік мерзім сақталған.

Іс құжаттарына сәйкес, тараптар арасындағы келісім шарттар жасалған күннен бастап, шарттар талаптарына сай 17 күнтізбелік күн аяқталғаннан кейін де жауапкер өзіне тиісті міндеттемелерді орындамаған.

Яғни, жауапкер Шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес тауарларды қоймаған, сондықтан сот, жауапкер мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған деп санайды.

Жоғарыда аталған негіздерге сәйкес, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

№2 талап бойынша

АК-нің 298-бабына сәйкес міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу келісім шарттарының 7-тармағының 7.3 - тармақшасына сәйкес, тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы

Құжатқа қол қойылған: Искандар М. Б., 03.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 07.07.2026, судья Искандар М. Б., 10.07.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-ынан аспауға тиіс.

Сот отырысында жауапкердің Шарттарда белгіленген өз міндеттемелерін орындамағаны анықталды.

Талап қоюшымен ұсынылған тұрақсыздық айыбының сомасы 500 теңге, оның ішінде 1-шарт бойынша 20 күнге - 260 теңге және 2-шарт бойынша 21 күнге - 240 теңге, яғни келісім шарт талаптарына сәйкес келеді.

Сондықтан жауапкерден мемлекет пайдасына 29 920 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады.

Аталған жағдайды сот ескере отырып, жауапкерден мемлекет пайдасына 500 теңге көлемінде тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деп есептейді.

Салық кодексінің 668-бабының 33-тармағына сәйкес, талап қоюшы әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою бойынша сотқарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Сондықтан, АПК-нің 117-бабы 2-бөлігінің талабына сай, 2 178 (2 163 + 15) теңге көлеміндегі мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы - 5449 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер Евгения Рудольфовна Поверина дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы толығымен қанағаттандырылсын.

Евгения Рудольфовна Поверина дара кәсіпкері (ЖСН 790127402650) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Евгения Рудольфовна Поверина дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 500 (бес жүз) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 178 (екі мың жүз жетпіс сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған

Құжатқа қол қойылған: Искандар М. Б., 03.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 07.07.2026, судья Искандар М. Б., 10.07.2026

КӨШІРМЕ

адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Судья М.Б. Искандар

Құжатқа қол қойылған: Искандар М. Б., 03.06.2026

Заңды күшіне енген күні: 07.07.2026, судья Искандар М. Б., 10.07.2026

3313-26-3-1/314